

# КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Андабаева Гульмира Кенжегалиевна



# ДӘРІС САБАҒЫНЫҢ МАҚСАТЫ

кәсіпорын қызметінің шығындары, өнімнің өзіндік құны туралы мәліметтер беріп, оларды анықтау әдістемесі туралы дағдылар қалыптастыру

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андабаева Г.К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы .- Алматы: Қазақ Университеті., 2021
2. Мейірбеков А.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2014.
3. Сабирова Р.К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2009
4. [www.atameken.co](http://www.atameken.co). Atameken Academy онлайн-платформасының материалдары

# **ДӘРІС САБАҒЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ**

**1. КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫ: ТҮСІНІГІ, ҚҰРАМЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

**2. ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНЫҢ КАЛЬКУЛЯЦИЯСЫ**

**3. ӨНІМ ӨНДІРІСІ МЕН ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАР СМЕТАСЫ**

**Шығындар - нақты уақыт ішінде өнім өндірісі мен өткізудің материалдық, еңбек, қаржы, табиғи, ақпараттық және басқа да ресурстар құнының ақшалай бағасы.**

# **1. КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫ: ТҮСІНІГІ, ҚҰРАМЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

# Анықтамаға сәйкес шығындардың төрт сипатын атап көрсетуге болады

**мақсатқа  
бағытты  
лығы**

**нақты  
уақыт  
кезеңінде  
болуы  
керек**

**ресурстар  
дың  
ақшалай  
бағасы**

**қор  
сіңіргіш  
тік  
қасиеті**

**Кәсіпорын шығындары** - өнім өндіру мен оны өткізу процесінде пайдаланылған өндірістік ресурстардың құндық бағасы

**Өнімнің өзіндік құны** - өнім бірлігін өндіру және оны өткізудегі кәсіпорын шығындары

- Өнім өндіру және оны өткізуге **байланысты** шығындар өзіндік құн құрамына **енеді**
- Өнім өндіру және оны өткізуге **байланысты емес** шығындар өзіндік құн құрамына **енбейді**

# Шығындардың негізгі түрлері

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
МАЗМҰНЫ БОЙЫНША**

**ШЫҒЫНДАРДЫҢ  
ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК  
ҚҰНЫНА ЕНГІЗУ ТӘСІЛІ  
БОЙЫНША**

**ШЫҒЫНДАРДЫҢ  
ӨНДІРІС ҮРДІСІНДЕГІ  
ҚЫЗМЕТ ЕТУ РОЛІНЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ**

**ШЫҒЫНДАРДЫҢ  
ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ  
ӨЗГЕРІСІНЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ**

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША

- 1) материалдық шығындар (шикізат және негізгі материалдар, сатып алынатын бұйымдар, қосымша материалдар, сырттан сатып алынған жанармай және энергия);
- 2) өнеркәсіптік-өндірістік персонал еңбегін төлеу шығындары;
- 3) әлеуметтік аударымдар (әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы қоры, медициналық сақтандыру, салалық сақтандыру тарифі);
- 4) негізгі қорлар амортизациясы;
- 5) басқа да шығындар (салықтар, жарналар, бюджеттен тыс арнайы қорларға аударымдар, мүлікті міндетті сақтандыру бойынша төлемдер, байланыс, есептеу орталықтарының, банктердің қызметін төлеу, кадрларды дайындау, іссапар шығындары, негізгі қорларды жалға алу төлемдері, басқа да төлемдер).



# ШЫҒЫНДАРДЫҢ ӨНДІРІС ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ ЕТУ РОЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

## НЕГІЗГІ ШЫҒЫНДАР

Өнім өндірудің технологиялық үдерістерімен тікелей байланысты. Оған жататын шығындар: шикізат, негізгі материалдар, технологиялық жанармай, энергия, жұмысшылардың негізгі жалақысы

## ҮСТЕМЕ ШЫҒЫНДАР

өндірістің әрекет етуі үшін қажетті жағдайлар туғызумен, оны ұйымдастыру, басқару, қызмет көрсету шығындары. Үстеме шығындар – бұл жалпы цехтық, жалпы өндірістік, жалпы шаруашылық шығындар болып бөлінеді

**ҮСТЕМЕ  
ШЫҒЫНД  
АРДЫ  
ЕСЕПКЕ  
АЛУҒА  
БАЙЛАНЫ  
СТЫ  
ӨЗІНДІК  
ҚҰН  
ТҮРЛЕРІ**

Шығындар баптары	Өзіндік құн түрлері		
1 Шикізат пен материалдар	Цехтық өзіндік құн	Өндірістік өзіндік құн	Толық өзіндік құны
2 Қайтарылатын қалдықтар			
3 Сатып алынатын бөлшек бұйымдар, жартылай фабрикаттар мен өндірістік сипаттағы қызметтер			
4 Технологиялық мақсаттағы жанармай және энергия			
5 Өнім өндірісі үрдісіне тікелей қатысатын қызметкерлер жалақысының шығындары			
6 Әлеуметтік салықтар			
7 Өндірісті дайындау және игеру шығындары			
8 Жалпы өндірістік шығындар			
9 Жалпы шаруашылық шығындар			
10 Басқа да өндірістік шығындар			
11 Жарамсыздықтардан болатын шығындар			
12 Коммерциялық шығындар			

# ШЫҒЫНДАРДЫҢ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНА ЕНГІЗУ ТӘСІЛІ БОЙЫНША

## ТІКЕЛЕЙ ШЫҒЫНДАР

нақты өнім түрін өндіруге тікелей қатысатын және өзіндік құнға бекітілген норма бойынша енгізілетін (шикізат, материалдар, жанармай, энергия) шығындар

## ЖАНАМА ШЫҒЫНДАР

өнімнің әр түрлерін дайындауда қамтылады және өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнына қандай-да бір белгісіне пропорционалды жанама (шартты) түрде енгізіледі.

# ШЫҒЫНДАРДЫҢ ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

## АЙНЫМАЛЫ (ПРОПОРЦИОНАЛДЫ) ШЫҒЫНДАР

өндіріс көлемінің өзгерісіне тікелей байланысты шығындар  
(өндірістік жұмысшылардың жалақысы, шикізат)

## ТҰРАҚТЫ (ПРОПОРЦИОНАЛДЫ ЕМЕС) ШЫҒЫНДАР

өндіріс көлемінің өзгерісі жағдайында өзгермейтін немесе шамалы  
ғана өзгертін шығындар (құрылыс амортизациясы, жанармай,  
энергия, басқарушылық персонал жалақысы). Айнымалы және  
тұрақты шығындар қосындысы кәсіпорынның жалпы шығындары  
болып табылады

	Тұрақты шығындар	Үстеме шығындар	Жанама шығындар
Айнымалы шығындар	×	Сату бөлімінің сыйақысы	Бірнеше өнім түр өндірісіндегі электроэнергия құны
Негізгі шығындар	Өндірістік қондырғы амортизациясы (өнім түрінің санына байланысты емес)	×	Бірнеше өнім түр өндірісіндегі ғимараттар амортизациясы
Тікелей шығындар	Бір ғана өнім түрін өндіретін кәсіпорын директорының еңбекақысы	Бірнеше өнім түрі өндірісіндегі шикізат, жанармай құны	×

## 2. ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНЫҢ КАЛЬКУЛЯЦИЯСЫ

**Тікелей шығындар қосымша есептеулерсіз нақты өнім түрінің өзіндік құнына жатқызуға болады.**

**Жанама шығындар өндірістік процестен алыстаған сайын оларды нақты өнім түрінің өзіндік құнына бөлу соншалықты қиын болады.**

**Шығындарды тікелей және жанама деп бөлу өзіндік құн калькуляциясын анықтау негізі болып табылады.**

# ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ КАЛКУЛЯЦИЯСЫ

Калкуляция – барлық тауарлы өнім мен оның бөліктерінің өзіндік құнын, нақты бұйым түрінің өзіндік құнын, өнім өндірісі мен өткізудегі кәсіпорын бөлімдерінің шығындарын есептеудегі жүйе.

Өнімнің өзіндік құны калкуляциясы өнім білігінің бағасын анықтау үшін қажет. Калкуляциялаудың басты объектісі - өткізуге арналған дайын бұйым (өнім).

# ЖАНАМА ШЫҒЫНДАРДЫ БӨЛУ

Белгілі бір кәсіпорында квартал ішінде шығындардың жалпы көлемі 100 мың теңге, соның ішінде 45 мың теңге тікелей шығындар.

Жанама шығындарды бөлу коэффициенті =  
 $(100 \text{ мың} - 45 \text{ мың}) / 45 \text{ мың} = 1,22$

Егер өнім бірлігіне шаққандағы тікелей шығындар 18 теңге болса өнімнің өзіндік құны =

$18 + 18 * 1,22 = 40$  теңге құрайды



# ЖАНАМА ШЫҒЫНДАРДЫ БӨЛУДІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ - БӨЛУ КРИТЕРИИЛЕРІН ТАҢДАУ

Негізгі критериилер:

- өндірістік персоналдың тікелей жалақысы
- негізгі материалдардың тікелей шығындары
- тікелей шығындардың жалпы құны
- өндірілген өнім құны
- қондырғының жұмыс уақыты

## ӨЗІНДІК ҚҰНДА ЖАНАМА ШЫҒЫНДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ МЫСАЛЫН ЕСЕП АРҚЫЛЫ КӨРСЕТУ

Кәсіпорында өнімнің үш түрі өндіріледі делік.

Бұйым	Өндіріс көлемі, дана	Аударымдармен тікелей еңбекақы, теңге/дана	Материалдардың тікелей шығындары, теңге/дана	Басқа да тікелей шығындар, теңге/дана
А	3500	1,2	1,5	0,3
Б	4000	0,8	1,0	0,2
В	10000	1,6	1,2	0,8

А және Б өнімі №1 цехта, ал В өнімі №2 цехта өндіріледі делік.

№1 цехтың жалпы цехтық шығындары 10 мың теңге, жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындар - 25 мың теңге

Әр өнім түрінің өзіндік құнын анықтаңыздар.

## ЕСЕП ШЫҒАРУ

Бұйым	Өндіріс көлемі, дана	Аударымд армен тікелей еңбекақы, теңге/дана	Материалдардың тікелей шығындары, теңге/дана	Басқа да тікелей шығындар, теңге/дана	Барлық тікелей шығындар, теңге/дана	Тікелей шығындар, барлығы, теңге
А	3500	1,2	1,5	0,3	3,0	
Б	4000	0,8	1,0	0,2	2,0	

А өнімінің тікелей шығындары 3,0 теңге/дана және Б өнімінің тікелей шығындары 2,0 теңге/дана құрайды.

## ЕСЕП ШЫҒАРУ

Бұйым	Өндіріс көлемі, дана	Аударымдармен тікелей еңбекақы, теңге/дана	Материалдардың тікелей шығындары, теңге/дана	Басқа да тікелей шығындар, теңге/дана	Барлық тікелей шығындар, теңге/дана	Тікелей шығындар, барлығы, теңге
А	3500	1,2	1,5	0,3	3,0	10500
Б	4000	0,8	1,0	0,2	2,0	8000
В	10000	1,6	1,2	0,8	3,6	36000

№1 цехта өндірілетін өнімнің тікелей шығындары 18500 теңге құрайтыннын көруге болады.

## ЕСЕП ШЫҒАРУ

№1 цехта өндірілетін өнімнің тікелей шығындары 18,5 мың теңгеге 10 мың теңге жалпы цехтық шығындарды бөлуіміз керек:

$10 \text{ мың} / 18,5 \text{ мың} = 0,54 \text{ теңге}$  (бір теңге тікелей шығындарға қатысты)

А бұйымының цехтық өзіндік құны:

$$3 + 3 * 0,54 = 4,62 \text{ теңге/дана}$$

Б бұйымының цехтық өзіндік құны:

$$2 + 2 * 0,54 = 3,08 \text{ теңге/дана}$$

# ЕСЕП ШЫҒАРУ

В бұйымының цехтық өзіндік құны қаншаға тең?

№2 цехта бір ғана өнім түрі өндіріледі, оның цехтық өзіндік құны тікелей шығындарымен сәйкес келеді.

Жалпы шаруашылық шығындар тікелей және жалпы цехтық шығындар қосындысына пропорционалды:

№1 цехта тікелей және жалпыцехтық шығындардың барлығы

28,5мың тг. (10мың+18,5мың)

№2 цехтың тікелей шығындарын қосамыз

$28,5 + 36 = 64,5$  мың теңге

# ЕСЕП ШЫҒАРУ

Жалпы шаруашылық шығындар - 25 мың теңге құрайтынын еске салсақ, әрбір теңге тікелей және жалпыцехтық шығындарға 0,39 теңге келеді:

$25\text{мың} / 64,5\text{ мың} = 0,39\text{ теңге}$  (жалпы шаруашылық шығындар)

Өнім түрлерінің толық өзіндік құнын анықтаймыз:

А бұйымы =  $4,62 + 4,62 * 0,39 = 6,42$  теңге

Б бұйымы =  $3 + 3 * 0,39 = 4,28$  теңге

В бұйымы =  $3,6 + 3,6 * 0,39 = 5$  теңге

# ЕСЕПТІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Есепті қорытындылай келе, қазіргі таңда бұл есептеулерді қолымен есептемей, түрлі технологиялардың көмегімен анықтауға да болады, негізгі мағынасын сіздермен анықтадық.

1 түрлі бөлімшелер арасындағы барлық шығындар өнім өндіретін негізгі бөлімдер ішінде бөлінеді

2 әр негізгі бөлімнің ішіндегі жиындық шығындар жеке өнім түрлері арасында бөлінеді



# 3. ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ АЙНЫМАЛЫ ШЫҒЫНДАР

Тұрақты шығындар өндіріс көлеміне байланысты емес, ал айнымалы шығындар өндіріс көлеміне пропорционалды байланысты

Егер Ш кәсіпорын шығындарын белгілесек, ТШ тұрақты шығындар, ал АШ айнымалы шығындар

$$Ш = ТШ + АШ (\text{бірл}) * Q$$

Егер өнім бірлігіне шаққандағы шығындар арқылы анықтайтын болсақ:

$$Ш/Q = ТШ/Q + АШ (\text{бірл})$$

# Тұрақты және айнымалы шығындарға бөлу әдістері

Шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлу кәсіпорын экономикасында маңызды мәселе болып табылады.

бөлу әдістері:

**Аналитикалық** - мейлінше жоғары болатын мүмкін шығындарды бөлу және оларды нақты тұрақты және айнымалы шығындар деп бөлуді қарастырады

**Статистикалық** - кәсіпорынның өндіріс көлемінің өзгерісінің негізінде статистикалық мәліметтерге негізделіп отырып шығындарды тұрақты және айнымалыға бөлу

# ЕСЕП

- Кәсіпкер Аманжолов үлкен ағаш қасық шығару туралы шешім қабылдады. Ол үшін екі жұмысшыны , бухгалтерді жұмысқа алды, өзін директор етіп тағайындады.
- Бухгалтердің жалақысы айына 200 000 теңге, директордың жалақысы айына 300 000 теңге. Жұмысшылар әрбір өнім үшін 100 теңге алады. Бір қасыққа кететін ағаш шығындары 50 теңге, қондырғы амортизациясы айына 50 000 теңге, жалға төлеу 100 000 теңге. Өндіріс көлемі 1 000 қасық.
- Осы берілген мәліметтер бойынша Аманжолов шығындарын тұрақты және айнымалы деп бөліп көрсетіңіздер (бір ай ішіндегі). Өнім бірлігінің өзіндік құнын және жалпы шығындарды анықтаңыздар

Шығындар	Тұрақты/айнымалы
Директор жалақысы	
Бухгалтер жалақысы	
Жұмысшылар жалақысы	
Ағаш шығындары	
Амортизация	
Жалға төлеу	

Шығындар	Мәні
Тұрақты жалпы	
Тұрақты өнім бірлігіне шаққандағы	
Айнымалы өнім бірлігіне шаққандағы	
Айнымалы жалпы	
Өндіріс көлемі	
Өнім бірлігінің өзіндік құны	
Жалпы шығындар	

Шығындар	Тұрақты/айнымалы
Директор жалақысы	Тұрақты
Бухгалтер жалақысы	Тұрақты
Жұмысшылар жалақысы	Айнымалы
Ағаш шығындары	Айнымалы
Амортизация	Тұрақты
Жалға төлеу	Тұрақты

Шығындар	Мәні
Тұрақты жалпы	650 000
Тұрақты өнім бірлігіне шаққандағы	65
Айнымалы өнім бірлігіне шаққандағы	15
Айнымалы жалпы	150 000
Өндіріс көлемі	1 000
Өнім бірлігінің өзіндік құны	80
Жалпы шығындар	80 000

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

Андабаева Гульмира  
Кенжегалиевна  
[andabayeva5@gmail.com](mailto:andabayeva5@gmail.com)